

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 145 Қаулысы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.07.30 N 808 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.02 № 1266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттеріне, мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі мемлекеттік қатысу үлестеріне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын және/немесе мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары болып табылатын мемлекеттік органдар (бұдан әрі - мемлекеттік органдар), заңнамада белгіленген тәртіппен жыл сайын:

1) алынып тасталды;

2) алынып тасталды;

3) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін айқындауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын қарау және бекіту кезінде:

бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік органдарға көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативіне ұқсас акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) қызметтік автомобильдерінің тиістілік нормативтеріне;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормаларынан аспайтын мөлшерде акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) әкімшілік аппараттарын орналастыруға арналған алаң нормаларына;

ескертпе: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындар) әкімшілік аппараттарын орналастыруға арналған алаңдардың нормалары "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ұлттық талдауды қалыптастыру департаментіне (Талдау орталығы), Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қолданылмайды;

оларға сәйкес тәулікақы мөлшері және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу үшін шекті мөлшерлер Қазақстан Республикасының шегіндегі іссапарлар үшін "Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 108 қаулысымен белгіленген шетел валютасындағы іссапар шығыстарын өтеу нормаларынан аспауы тиіс "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысымен бекітілген ережеге ұқсас. Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға жіберілетін акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) қызметкерлеріне шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарына сәйкес кейбір шығыстардың лимиттерін бекітсін;

4) акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (мемлекеттік кәсіпорындардың) қаражаты есебінен ұялы телефондарды сатып алуға, сондай-ақ ұялы телефондардан шығатын шығыс қоңырауларына ақы төлеуге жол берілмейді;

5) мемлекеттік органмен (мемлекеттік кәсіпорындар үшін - мемлекеттік басқару органымен) акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) бірінші басшылары мен олардың орынбасарларының шетелдік іссапарларын келісу міндеттілігін қамтамасыз етсін;

б) өкілдік шығыстарының лимиттерін белгілесін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.30 N 808, 2006.05.03 N 362 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2007.04.12 N 294, 2007.07.31 N 647, 2007.10.18 N 964, 2008.07.31 N 725, 2008.11.12 N 1048, 2008.11.21 N 1080, 2009.03.12 N 294 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.03.24 N 388, 2011.03.31 N 335; 16.04.2013 № 366, 2014.12.02 № 1266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.09.2016 № 525; 05.08.2021 № 522; 29.09.2022 № 767; 11.03.2024 № 164 қаулыларымен.

1-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.09.13 N 1043 қаулысымен.

1-2. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге және ұлттық компанияларға ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компанияларды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен мақұлданған шарттарда ұлттық басқарушы холдинг сатып алған екінші деңгейдегі банкті қоспағанда, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғаларға қатысты осы қаулының 1-тармағында көрсетілген шараларға ұқсас шаралар қабылдау ұсынылсын.

Ескерту. Қаулы 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 N 335 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.06.2022 № 427 қаулысымен.

1-3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2014.12.02 № 1266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-4. Тиісті салалардың уәкілетті органдары ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты:

1) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлері бойынша арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерін бекітсін;

2) олардың құзыретіне жатқызылған қызмет салалары бойынша автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемдерін айқындасын.

Ескерту. Қаулы 1-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2013 № 366 қаулысымен.

2. Осы қаулының күші қолданылатын, басым (монополиялық) орын алатын табиғи монополия субъектілері мен рынок субъектілерінің қызметтер көрсетуді (тауарларды, жұмыстарды) өндіруіне және ұсынуына бағаларды (тарифтерді) есептеу кезінде ескерілетін шығыстардың лимиттері монополияға қарсы заңнамаға сәйкес анықталады.

3. "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 389-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2, 3-тармақтар алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК